



## ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Мен, денсаулық сөзін күнделікті өмірде әрбір адам көп қолданатынына сенімдімін. Мысалы, «деніңіз сау болсын», «денсаулық үшін», «сәлеметсіз бе?» және «сіздерге жақсы денсаулық тілейміз».

Денсаулық әр адамның өмірінде ерекше маңызға ие, оның құндылығы жылдар мен жас шамасына қарай көбейеді, өмір сапасы мен қоғамның әл-ауқатының көрсеткіші болып табылады.

Медицина және денсаулық сақтау әрдайым сұранысқа ие болады және үнемі білім мен тәжірибені жетілдіруге негізделген!

Біз сізге ең жақсы мамандықты алуға және өз салаңызда кәсіби болуға көмектесеміз!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің медицина және денсаулық факультеті сіздерге білім беру бағдарламалары мен эксклюзивті траекторияларды, соның ішінде дәрігерлер мен денсаулық сақтау мамандарын сапалы даярлауға бағытталған үздік халықаралық және ғылыми білім беруді, клиникалық тәжірибелер мен тәжірибе алмасуларды ұсынады.

Факультет білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлерінде - бакалавриат, магистратура, резидентура, докторантура бойынша медициналық кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін халықаралық стандарттарға және жаңа ғылыми жетістіктерге негізделген. Сонымен қатар, әртүрлі салалардағы мамандарға және кәсіп иелеріне, секторларға арналған қосымша сапалы білім ұсынылады.

Біздің пікірімізше, Университет медицина және денсаулық саласындағы пәнаралық жобаларды іске асырудың идеалды платформасы болып табылады, бұл молекулалық биология, био- және нанотехнология, биоинформатика, биофизика және басқа да салалардағы практикалық медицинадағы соңғы жетістіктерді үздіксіз енгізуге және кешенді тәсілді ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл пәндердің барлығы біздің университетте жоғары деңгейде ұсынылған.

*Сіздергі Медицина және денсаулық сақтау факультетінде көруге қуаныштымыз!*



**ФАКУЛЬТЕТ ДЕКАНЫ**  
медицина  
ғылымдарының  
докторы, профессор  
**КАЛМАТАЕВА**  
**ЖАННА АМАНТАЕВНА**



## ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ...

**Жоғары медицина мектебінің түлектері** — терапевт, жалпы тәжірибе дәрігері ретінде жұмыс істей алады, мамандығы бойынша тәжірибеден өткеннен кейін белгілі бір саланың маман дәрігері кардиолог, травматолог, хирург және т.б. жұмыс істей алады.

**Педиатр** — балалардың құлақ, мұрын, тамақ ауруларын, балалар хирургі, балалар кардиологы болып жұмыс істейді.

**Фармацевт-провизор** дәріханада, фармацевтикалық фабрикада және компанияда жұмыс істейді.

**Тіс дәрігері** — стоматологиялық емдеу және протездеу, жақ беті хирургия бөлімдерінде жұмыс істейді.

**Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығының бітірушілері** барлық деңгейдегі қоғамдық денсаулық сақтау мамандығының маманы: эпидемиолог, гигиенист, салауатты өмір салтын қалыптастыруда насихаттаушы және статист болып жұмыс істейді.

**Кондуктивтік педагогика** — мүгедек және мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін маман, психолог.

**Мейірбике ісі** — терапия, хирургия, неврология және т.б. медицина саласы бойынша мейірбикелік істі бақылау.

**Зертханалық медицина** — ауруханалардың клиникалық-диагностикалық бөлімшелері, зертханалық диагностика және ақпараттық зертханалық жүйелерді басқару.

**Дене шынықтыру және спорт** — жаттықтырушы, сауықтыру орталықтарын басқару, жас спортшыларды тәрбиелеу және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, спорт менеджері, фитнес-нұсқаушы.

*Түлектер резидентура және магистратура бағдарламаларында медициналық мамандықтар бойынша оқуды жалғастыра алады.*



## ФАКУЛЬТЕТ МАМАНДЫҚТАРЫ БАКАЛАВРИАТ (BSC)

### Жалпы медицина

*Оқу мерзімі: 12 семестр, 6 жыл, (кредиттер саны 360)*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс.*

*Біліктілік: дәрігер*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарламаның мазмұны:** Бағдарлама көп кездесін аурулар кезінде кез-келген науқасқа, отбасына және халыққа медициналық көмек көрсете алатын, өзінің кәсіби қызметі барысында, зерттеу арқылы білім алуға қабілетті дәрігерлерді дайындауға бағытталған.

### Педиатрия

*Оқу мерзімі: 12 семестр, 6 жыл (360 кредит)*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс.*

*Біліктілік: дәрігер-педиатр*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарламаның мазмұны:** Түлек - дәлелді медицинаның принциптеріне сүйене отырып, аурудың алдын алу, диагностика, ауруларды емдеу және денсаулықты күту бойынша кез-келген жастағы балаға, жаңа туған нәрестеден жасөспірімдерге дейін сапалы және уақытылы медициналық көмек көрсетуге қабілетті болады.

### Стоматология

*Оқу мерзімі: 10 семестр, 5 жыл (300 кредит)*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс.*

*Біліктілік: дәрігер-стоматолог*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарламаның мазмұны:** Түлек - жиі кездесетін патологияларды, дәлелді медицинаның принциптеріне сүйене отырып, профилактика, диагностика, ауруларды емдеу және денсаулықты күту бойынша кез-келген жастағы тұрғынға сапалы және уақытылы медициналық көмек көрсетуге қабілетті болады.

### Фармация

*Оқу мерзімі: 10 семестр, 5 жыл, (300 кредит)*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс.*

*Біліктілік: фармацевт*

*Оқу формасы: күндізгі*



**Бағдарлама мазмұны:** Түлек - фармацевтикалық ұйымдарда: фармацевтика, оптикалық бөлшек қоймалар, кіші-өндірістерде, ғылыми-зерттеу және сараптамалық зертханаларда жалпы фармацевт ретінде; емдеу-алдын алу мекемелерінде клиникалық фармацевт ретінде жұмыс істей алады.

#### **Қоғамдық денсаулық сақтау**

*Оқу мерзімі : 8 семестр, 4 жыл, (240 кредит),*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс.*

*Біліктілік : денсаулық сақтау бакалавры*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарлама мазмұны:** Түлек - қазіргі таңдағы қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтаудың жағдайын, дәлелді медицинаның негіздерін, коммуналды гигиена мәселелерін, қоғамдық тамақтану гигиенасын, еңбек гигиенасын, емдік тамақтану, жасөспірімдердің тамақтану гигиенасын, биологиялық қауіпсіздік пен биологиялық қорғау, инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың эпидемиологиясын, аурулардың алдын алу мен денсаулықты нығайтуды, денсаулық сақтаудағы басқаруды жетік меңгереді.

#### **Кондуктивті педагогика**

*Оқу мерзімі : 8 семестр, 4 жыл, (240 кредит),*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс.*

*Біліктілік : Бакалавр*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарлама мазмұны:** Түлек - морфологияның, физиология мен жалпы патологияның, арнайы педагогика мен психологияның, орталық нерв жүйесі ауруларында тірек-қимыл аппаратының патологияларын және коррекция әдістерін, педиатрия, неврология және реабилитология, нейродегенеративті аурулармен ауыратын адамдарда кондуктивті педагогиканы және кондуктивті даму дағдыларын дамытуға қабілетті болады.

#### **Мейіргер ісі**

*Оқу мерзімі: 8 семестр, 4 жыл, (240 кредит)*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс.*

*Біліктілік: мейіргер ісінің бакалавры*

*Оқу формасы: күндізгі, теориялық компонентті аралас қашықтықтан оқыту*

**Бағдарламаның мазмұны:** Адам организмнің ағзалары мен жүйесінің қалпы мен патологиясы саласында, мейіргер ісінің кәсіби дағдыларын, терапия, хирургия, педиатрия, неврология және өзге де медицина сала-



ларындағы мейіргер ісін меңгереді, қарапайым медициналық манипуляциялардың жүргізілу техникасын, симптомдар мен синдромдарды біледі, клиникалық медицинада диагностиканың молекулярлы-биологиялық әдістері жөнінде, фармакологияның негіздері, зертханаларда қолданылатын диагностиканың автоматты жүйелерінің жұмыс істеу әдістері, мейіргерлік менеджмент, мейіргерлік бақылау салаларында кең көлемде білім алады.

### **Зертханалық медицина**

*Оқу мерзімі : 8 семестр, 4 жыл, (240 кредит), жегелдетілген оқыту-1-3 жыл, алдыңғы біліміне байланысты*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс.*

*Біліктілік: денсаулық сақтау бакалавры*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарламаның мазмұны:** Қалыпты және патологиялық марфология мен адам физиологиясы, ішкі аурулардың негізі және дәрігерге дейінгі шұғыл көмек көрсету дағдылары, клиникалық химия, микробиология, гематология мен трансфузиология, иммунология және серология, молекулярлық диагностика мен генетика салаларындағы зертханалық зерттеулерді жүргізудің теориясы мен практикасы, зертханалық тәжірибенің сапасын бақылау және зерттеу әдіснамасы, ақпараттық зертханалық жүйелер бойынша кең көлемде білім алады.

### **Дене шынықтыру және спорт**

*Оқу мерзімі: 4-8 семестр, 2,3,4 жыл, (240 кредит)*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс.*

*Біліктілік: бакалавр*

*Оқу формасы: күндізгі, теориялық компонентті аралас қашықтықтан оқыту*

**Бағдарламаның мазмұны:** Түлек - тәрбие, білім беру, сауықтыру саласында, түрлі жыныстағы, жастағы физикалық тәрбиелеудің; түрлі жастағы білім алушылардың және өзге де тұлғалардың дене шынықтыру бойынша тәрбиелеу сұрақтары мен денсаулығын нығайтуды басқару, физикалық және спорттық дайындықты оңтайландыру сұрақтары бойынша, қоршаған ортаны рационалды пайдалануды, педагогикалық және медициналық-биологиялық бақылаудың құралдарын толық меңгереді.



## МАГИСТРАТУРА (MS)

### Қоғамдық денсаулық сақтау

*Оқу мерзімі: 2-4 семестр, 1-1,5-2 жыл, (60-120 кредит).*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс*

*Біліктілік: денсаулық сақтау магистрі, медицина ғылымының магистрі*

*Оқу формасы: күндізгі, аралас қашықтықтан оқыту компоненті*

**Бағдарламаның мазмұны:** биостатистика, клиникалық эпидемиология мен дәлелді медицина негіздері, денсаулықты нығайту және аурудың алдын алу, денсаулық экономикасы, медициналық технологияны бағалау, денсаулық сақтау қызметіндегі корпоративті басқаруды, жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды эпидемиялық қадағалауды, MS Excel және SPSS пайдалана отырып, ғылыми зерттеу деректерін өңдеуді, интернет желісінен дәлелді медициналық ақпаратты табу стратегиясын, ғылыми басылымдар деректер базасын, MS Access ДББЖ мысалында реляциялық дерекқорды басқару жүйелерін толық меңгереді.

### Спорттық және сауықтыру фитнесі

*Оқу мерзімі: 8 семестр, 4 жыл, (240 кредит)*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс*

*Біліктілік: «6В11088-Спорттық және сауықтыру фитнесі» оқу бағдарламасы қызмет саласы бойынша бакалавр*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарламаның мазмұны:** Инновациялық білім беру бағдарламасы «Спорт және сауықтыру фитнесі» - жоғары дәрежелі фитнес нұсқаушыларын, шеттілді кәсіпқой және бастапқы ғылыми дайындығы бар, жаңа заманғы сауықтыру.

Клубтардағы фитнес нұсқаушыларды дайындайды. Бітірушілер жоғары сапалы спорттық сауықтыру және босаңсыту қызметтеріне бағытталған әлемдік инновациялық тәжірибені спорттық дене шынықтыру және сауықтыру тәжірибесіне енгізу мүмкіндігіне ие болады.

### Мейіргер ісі

*Мейіргер-зерттеуші*

*Оқу мерзімі: 4 семестр, 2 жыл, (120 кредит)*

*Біліктілік: медицина ғылымының магистрі*

*Оқыту тілі: қазақ, ағылшын, орыс*

*Оқу формасы: күндізгі, аралас қашықтықтан оқыту компоненті*

**Бағдарлама мазмұны:** Клиникалық медицинадағы диагностиканың молекулярлық-биологиялық әдістері, түрлі ғылыми фактілерге бағдарланған мутация және генетикалық полиморфизм туралы, фармакогеномика негіздері, клиникалық зертханаларда қолданылатын диагностиканың



автоматты жүйелерінің жұмыс істеу әдістері, электронды регистрлерді басқарудың, клиникалық сынақтар менеджменті, адам ауруларын түсінуде іргелі биомедициналық білімнің аудармасымен танысу, медицинада заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану бойынша кең түсінік алады.

### **Денсаулық сақтау саласындағы құқықтану**

*Оқу мерзімі: 2 семестр, 1 жыл, (60 кредит)*

*Квалификация: Құқық магистрі*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын*

*Оқу формасы: күндізгі, қашықтықтан оқыту компонентімен араслас*

**Бағдарлама мазмұны:** Денсаулық сақтау ұйымының қызметін құқықтық бағалау принциптері, денсаулық сақтау саласындағы құқық бұзушылықтар бойынша алдын алу шараларын түсіндіру және енгізу сұрақтары, медициналық қызмет көрсетудің заманауи ұйымдастыру мәселелері бойынша құқықтық құзыреттілік, құқықтық талдау әдіснамасы, кәсіптік медицина практикасындағы құқықтық тәуекелдер, тұтынушыларды қорғау, медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар, медициналық көмектің сапасы және оны қамтамасыз ету жүйесі қамтылған.

### **Денсаулық сақтау саласындағы психология**

*Оқу мерзімі: 2-4 семестр, 1-1,5-2 жыл, (60-120 кредит)*

*Біліктілік: «Психология» мамандығы бойынша әлеуметтік білім магистрі*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын*

*Оқу формасы: күндізгі, араслас қашықтықтан оқыту компоненті*

**Бағдарлама мазмұны:** Түлектер — медицинаның түрлі салаларындағы (онкологиялық, кардиологиялық, туберкулезге қарсы, психиатриялық және наркологиялық профилдер және т.б.) психологиялық бағалауды, кеңес беру және араласу әдістерін, сондай-ақ психологиялық қызметтерді көрсетумен айналысатын ұйымдарда, теориялық және әдістемелік психология негіздерін; психологиядағы зерттеу әдістері мен тәжірибесін, әлеуметтік мінез-құлықты компьютерлік модельдеуді; психологиядағы қазіргі заманғы статистика; әлеуметтік маңызды аурулар кезіндегі психология; психиатрия және наркологиялық емдеуді қамтамасыз ететін ұйымдардағы психологияны түсініп меңгереді.



### **МВА-денсаулық сақтаудағы іскерлік әкімшілік**

*Оқу мерзімі: 2-4 семестр, 1-1,5-2 жыл,*

*Кредиттер саны - 60-120*

*Біліктілік: Денсаулық сақтаудағы іскерлік әкімшілік магистрі*

*Оқыту тілі: орыс, ағылшын*

*Оқу формасы: күндізгі, қашықтықтан оқыту компонентімен араслас*

**Бағдарлама мазмұны:** HR менеджмент және көшбасшылық. Құқықтық жауапкершілік пен медицинадағы этика. Денсаулық сақтаудағы жедел (операциялық) менеджмент. Басқарушылық экономика. Медициналық құқық және этика. Бизнес-жоспарлау, сапа мен қаржы. Денсаулық сақтаудағы сапаны басқару. Денсаулық сақтаудағы маркетинг и логистика. Денсаулық сақтаудағы цифровизация және жаһандану.

### **Денсаулық сақтау саласындағы менеджмент**

*Оқу мерзімі: 2 семестр, 1 жыл, (60 кредит)*

*Біліктілік: Экономика және бизнес магистрі*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын*

*Оқу формасы: күндізгі, қашықтықтан оқыту компонентімен аралас*

**Бағдарлама мазмұны:** Менеджмент негіздері, денсаулық сақтау саласындағы басқару мен саясат принциптері, медициналық қызметтің сапасын басқаруды бағалау, денсаулық сақтау экономикасы мен қаржыландыру, медициналық қызмет саласындағы маркетинг, медициналық технологияларды бағалау, кадрлық менеджмент бойынша кең, ауқымды білім алады.

Бітірушілер - денсаулық сақтау саласында стратегиялар мен бизнес жоспарлауды дамытуға қабілетті болады.

### **Дене шынықтыру және спорт**

*Оқу мерзімі: 2-4 семестр (1, 1,5, 2 жыл) (60-120 кредит)*

*Квалификация: «7М014-Дене шынықтыру және спорт» оқыту бағдарламасымен педагогика ғылымының магистрі*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс*

*Оқу формасы: күндізгі*

**Бағдарлама мазмұны:** Түлектер - оқу орнында және спорттағы жоғары жетістіктерде дене шынықтыру және спорт бойынша ғылыми-оқу және зерттеушілік пен ғылыми-педагогика саласында бастапқы білім мен кәсіптік дағдылар, студенттерді спорт түрлерімен жаппай шұғылдану және физикалық жағтығулармен оңалту бойынша білім алады, әр түрлі деңгейдегі дайындығы бар студенттер және физикалық мүмкіндігі шектеулі студенттермен жұмыс жасауға қабілетті болады.





### **Спорт менеджменті**

*Оқу мерзімі: 4 семестр, 2 жыл, (120 кредит)*

*Біліктілік: «7M041 Спорт менеджменті» мамандығы бойынша білім магистрі*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс*

*Оқу түрі: күндізгі*

**Бағдарлама мазмұны:** Білім беру бағдарламасы - спорттық менеджмент саласындағы зерттеу әдіснамасының кең спектрін ұсынады, спорт ұйымдарында заманауи басқару принциптерін оқытудың инновациялық технологияларын терең зерделейді.

Бітірушілерге дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару, дене шынықтыру және спорт саласындағы құрылымы, дене шынықтыру және дене шынықтыру мен спорттық ұйымдардағы қаржыны басқарудың негіздері мен ерекшеліктері, кәсіпкерлік негіздері, дене шынықтыру және спорт саласында іскерлік және нарықтық қатынастар туралы терең білім алады.

## **ДОКТОРАНТУРА (ДОКТОР ФИЛОСОФИИ РНД)**

### **Медицина, Медицина – клиницист-зерттеуші**

*Оқу мерзімі: 6 семестр (3 жыл), (180 кредит)*

*Оқыту тілі: ағылшын, орыс*

**Бағдарлама мазмұны:** Есептеу және прецизионды медицина, R және Python 3.0 бағдарламалау дағдылары, ауруларды математикалық модельдеу, машиндік оқыту мен нейрожелі саласындағы білім, дербестендірілген диагностика мен емдеу әдістерін дамыту бойынша терең білім алуды, моногенді және мультифакториальдық аурулар туралы, осындай ауруларды басқаруды дербестендіру және жобаларды дамыту мүмкіндіктері туралы, жасуша технологиясын қолдану принциптері мен әдістері, геномдық зерттеу әдістері, транскриптомды зерттеу әдістері, зерттеудің протеомикалық әдістері, автоматтандырылған диагностикалық жүйелердің жұмыс істеу әдістері туралы кең ауқымды түсінікті қамтыған.

### **Қоғамдық денсаулық сақтау**

*Оқу мерзімі: 3 жыл.*

*Кредиттер саны: 180*

*Дәрежесі тағайындалды: Философия докторы (PhD)*

*Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын*

**Бағдарлама мазмұны:** Денсаулық экономикасы, денсаулық сақтау жүйесін талдау және бағалау, медициналық технологияларды бағалау, қоғамдық денсаулық сақтаудағы лонгитюдті зерттеу, денсаулық сақтауды басқарудағы әдістер мен шешім қабылдау модельдері, емделушілерге бағытталған технологиялар мен бағдарламалар, денсаулыққа әсер



етуді бағалау, медицина қызметкерлерін тиімді басқару, медициналық көмектің сапасы, жұқпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау, қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау.

### Дене шынықтыру және спорт

Оқу мерзімі: 3 жыл (180 кредит)

Дәрежесі тағайындалды: Философия докторы (PhD)

Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын

Оқу формасы: күндізгі

**Бағдарлама мазмұны:** Жоғары оқу орындарында және жоғары жетістікті спортта дене шынықтыру бойынша ғылыми, педагогикалық, басқарушылық және сараптамалық қызметтермен айналысуға мүмкіндік беретін мамандандырылған кәсіби дайындықтан өту; дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі саласындағы әдістерді, тұжырымдамаларды, инновацияларды жан-жақты түсіну, өздігінен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыра алу мүмкіндігіне ие болады.

## СТУДЕНТТІК ӨМІР



Сабақ арасындағы үзіліс кезінде



Қыздармен бірге, «Студент» атты фильмнен шыққан сәттегі сурет.



Ұмытылмас студенттік достық кезеңдер.




Студенттік үйде рухани кештер.



## СТУДЕНТТІК ПІКІРЛЕР

### *Here МЕДИЦИНА және ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ФАКУЛЬТЕТІН таңдағым?*

Мамандық таңдау-өмірімдегі ең жауапты қадам болды. Өмірімді медицинамен байланыстырғым келетініне сенімді болған кезде, оқу орнын таңдауға кірістім. Қазақстанның, әлемнің ең үздік университеттер қатарына кіретін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Жоғарғы Медицина мектебі» ашылатынын білгенде, Алматы қаласына жол тарттым. ҚазҰУ мені тауларымен, «ҚазҰУград» аталатын қалашығымен, атағымен және кампусымен баурап алды. Мен бұл университетке сенім артуыма болатынына көзім жетіп, қазіргі таңда осы университетте медицина факультетінің студентімін. Бұл шешіміме еш өкінген емеспін және өкінбейтініме толықтай сенемін!



*Өтеген Ақмарал, 1 курс студенті.*

Оқу орнын таңдауымда – ҚазҰУ-нің рейтингі маңызды роль атқарды. Мен бұл университеттен жақсы кәсіби білім алып шығатыныма үлкен сенімдемін, себебі бұл жерде студенттер өз-өзін тануында және дамытуында көптеген мүмкіндіктер бар. Оқытушылар құрамының біліктілік деңгейі өте жоғары, олар бізді жауапкершілікке, ұқыптылыққа, бәсекеге қабылетті етіп тәрбиелеуде. 2018 жылы мені факультетінің студенттер деканы қылып тағайындады. Қазіргі уақытта бідің ұйым көптеген іс-шаралар ұйымдастырып, университет өміріне белсене қатысуда. Қоғамдық денсаулық сақтаудағы алған білімім мен тәжірибем болашақта көмегін беретініне мен сенімдімін.



*Тезекбаева Гүлназ Сайранқызы, 2 курс студенті*



## ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ



«Medical Park Hospital»  
Стамбул, Турция,  
5 -17 наурыз 2019 жыл

Оңтүстік Корея, Сеул,  
24 наурыз — 2 сәуір 2018 жыл.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



YONSEI  
UNIVERSITY

